

Х. Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында академик Қажым Жұмалиевтің 110 жыл толуына орай «Қажым оқулары-1: Әлем мәдениеті контекстіндегі білім жүйесінде жалпы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.


Гүлжамал ЖОЛДЫҒАЛИ, «Орал өңірі»

Темірболат ТОҚМАМБЕТОВ

Конференцияға облыс әкімінің орынбасары Миржан Сатқанов қатысып, Қажым Жұмалиевтің әдебиет әлеміндегі орны туралы ой-пікірін ортаға салып, оның өмір жолына тоқталды. Сондай-ақ конференция жұмысына отандық ғалымдармен бірге қарақалпақ башқұрт елінің филолог ғалымдары қатысты.

– «Әдебиет деген не?» деген сұрақ қойылғанда, студенттер ойланып қалады. Бір қарағанда, оңай, таныс та бейтаныс сұрақ. Ал белгілі сөз зергері Қажым Жұмалиев осы сұраққа жауап берерде орыс жазушысы, филолог Белинскийдің пікірін басшылыққа алады. «Тасқа басылып шыққан журнал-кітаптың бәрі әдебиет емес. Әдебиет дегеніміз – белгілі мақсаты бар, қоғамға ой салатын, көркем жазылған шығарма» дейді өз еңбектерінде Қажым Жұмалиев. Кеңес үкіметі қаласа да, қаламаса да, біз екі адамды қазақ әдебиетінің пайғамбары деп таныдық. Оның бірі – Мұхтар Әуезов, екіншісі – Қажым Жұмалиев. Қазақ әдебиетінде бүгінге дейін маңызын жоймаған көркем шығарманың поэтикасы деген тақырып бар. Бұл көп адамның тісі бата қоймайтын, қиын тақырып. Қазіргі ғалым-

Қазақ әдебиетіндегі ТҰҢҒЫШ ҒАЛЫМ



дарымыздың көбі көркем шығарманы талдағанда тек мазмұндаумен ғана шектеледі. Ол «Абай поэзиясының поэтикасы» деген еңбегінде Абай шығармаларын терең талдап, оны зерттеуге жол ашып берді. Ол өз заманында көп қиындық көрді. Өзі мәймөңкелеуді білмейтін, тік мінезді адам болған. Оның шығармаларын оқуға тыйым салған кезеңдер болды. Соған қарамастан, Қажым Жұмалиев – қазақ әдебиеті тарихында бірінші рет ғылым докторы ретінде мойындалған ғалым. Бірақ әлі толық зерттелген жоқ. Біз архивтерге барып, оның қолжазбаларын тауып, шығармаларын зерттеуіміз керек. Бұл кейінгі ұрпақ үшін керек, – деді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті-

нің профессоры, филология ғылымдарының докторы Зинов-Ғабден Бисенғали.

Конференцияда М. Ақмолла атындағы Башқұртстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Галина Галима Қажым Жұмалиевтің башқұрт әдебиетіне қосқан үлесіне тоқталса, Қарақалпақстан Жазушылар одағының әдеби мәслихатшысы, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты Сейдин Әмирлан «Қажым Жұмалиев және қарақалпақ фольклортану ғылымы» туралы баяндап берді.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Азамат Мамыров Қа-

жым Жұмалиев туралы былай дейді:

– Академик Қажым Жұмалиев – республикамыздағы әдебиеттану ғылымының негізін салған басты тұлға. Ол – біздің мақтанышымыз әрі жерлесіміз. Қаратөбе ауданының тумасы. Ол – 1932 жылы Орал қаласындағы М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың әдебиет кафедрасының негізін салушы. Сонымен қоса, Жазушылар одағы филиалының тұңғыш төрағасы. Академик Қажым Жұмалиевті біз ғалым ретінде танымыз. Ол республикада бірінші болып кандидаттық, докторлық қорғауымен қатар, көршілес қырғыз, қарақалпақ, өзбек, башқұрт елдеріндегі докторлардың мектебін қалыптастыруға өз септігін тигізген. Қазақ әдебиетіне өлшеу-

сіз үлес қосқан ғалымның мерейтойы қарсаңында М. Өтемісов атындағы БҚМУ қабырғасында және Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика факультетінде «Қажым Жұмалиев атындағы ғылыми зерттеу орталығы» кабинеті ашылды, – дейді Азамат Ыбырайұлы.

Конференцияда академик Қажым Жұмалиевтің қазақ әдебиеті, әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет саласындағы зерттеулері және оның бүгінгі күнмен сабақтастығы жан-жақты талданды. Сондай-ақ ғалымдар Қажым Жұмалиев шығармаларын әлі де зерттеп, кітаптарын көбірек шығарып, асыл қазынаны кейінгі ұрпаққа табыстау қажеттігін баса айтты.